

Ж.А. АБДРАШ <sup>1</sup>, А.Ж. ЕСНАЗАР <sup>1</sup><sup>1</sup>Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

✉ e-mail: abdrashjuldyzai@mail.ru

## БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАПӘНДІК БІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АЙҚЫНДАУ

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік білігін қалыптастыруда пәнаралық байланыстың педагогикалық әлеуеті ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – бастауыш білім беру деңгейінде пәнаралық байланыс негізінде метапәндік біліктерді қалыптастырудың маңыздылығын айқындау және оның оқу процесінде тиімділігін негіздеу. Зерттеу барысында «метапән», «метапәндік білік», «пәнаралық байланыс», «интеграция» ұғымдарының мазмұндық сипаттамасы нақтыланып, олардың өзара байланысы жүйеленді. Теориялық талдау метапәндік біліктің білімді түрлі жағдаяттарда қолдану, сыни және шығармашылық ойлау, рефлексия жасау, пәндер арасындағы логикалық байланыстарды орнату қабілеттерімен сипатталатынын көрсетті. Эмпирикалық бөлімде бастауыш сынып білім алушылары арасында жүргізілген авторлық сауалнама нәтижелері ұсынылды. Зерттеу деректері пәнаралық байланысқа негізделген оқу тапсырмалары білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясын күшейтетінін және білімді кешенді меңгеруге ықпал ететінін айқындады.

Зерттеу нәтижелері бастауыш білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында пәнаралық байланысты тек дидактикалық тәсіл ретінде емес, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіснамалық қағидаты деңгейінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Бұл өз кезегінде оқу бағдарламаларын құрастыруда интеграциялық ұстанымды басшылыққа алуды, оқу тапсырмаларын метапәндік нәтижелерге бағыттап жобалауды, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында пәнаралық жобалау мен рефлексивтік талдау дағдыларын дамытуға басымдық берудің қажеттілігін көрсетті.

**Кілт сөздер:** пәнаралық байланыс, метапән, метапәндік оқыту, метапәндік білік, интеграция, бастауыш білім алушылары.

### Кіріспе

Жаһандану заманында қоғамның жиі өзгермелі жағдайына тез бейімделетін, әртүрлі жағдайларда шешім шығарып, өзін-өзі басқара алатын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, әмбебап оқу әрекеттері мен білім, білік, дағдылары қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу қажеттілігі артауда.

### \* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Абдраш Б.Ж., Есназар Ж.А. Бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік білігін қалыптастыруда пәнаралық байланыстың маңыздылығын айқындау // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – Б. 151-164. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.12>

### \*Cite us correctly:

Abdrash B.Zh., Esnazar Zh.A. Bastauysh synyp bilim alushylarynyn metapandik biligin qalyptastyruda panaralyq bailanystyn manyzdylygyn aiqyndau [Determining the Importance of Interdisciplinary Connections in the Formation of Meta-Subject Skills of Primary School Students] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – B. 151-164. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.12>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.01.2025 / қабылданған күні 30.03.2026

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына [1], мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес [2] бастауыш білім берудің мақсаты – білім алушыларды функционалдықыпен және шығармашылық тұрғыдан білімді қолдануға үйрету, оларды сыни тұрғыдан ойлауға, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануға, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеруге, топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл міндеттер білім алушы тұлғасының үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп, оның шығармашылық әлеуетін ашуға және әлеуметтік, кәсіби өмірде табысты болуына негіз қалайды.

Бастауыш сыныпта білім алушының оқу мен ойлау қабілеттері алғаш рет қалыптасатын маңызды кезең. Жоғарыда аталған міндеттерге жетудің маңызды шарты – бастауыш білім беру кезеңінде қолайлы білім беру кеңістігін қалыптастыру, себебі дәл осы ортада білім алушы өз мүмкіндіктерін танып, білімді белсенді әрі саналы түрде меңгере бастайды. Дәл осы кезде балалар тек белгілі бір пән бойынша білім алып қана қоймай, сонымен қатар өз бетінше ойлап, білімдерін басқа пәндермен байланыстыра алу біліктерін игереді.

Пәнаралық байланыс арқылы білім алушылар бір пәнде алған білімдерін басқа пәндерде қолдану арқылы олардың арасында өзара түсінік орнатуға үйренеді. Бұл өз кезегінде, метапәндік біліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, математикалық есептерді шешу барысында білім алушылар әдебиет пен жаратылыстану пәндеріндегі білімдерін де қолдана алады. Осылайша, пәнаралық байланыс бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік білігін қалыптастыруға ықпал етіп, олардың сыни ойлау мен шығармашылық және аналитикалық дағдыларын шындай түседі.

Қазіргі білім беру процесінде «Білім-күш» деген ұстаным жаңа мазмұнға ие болуда. Осыған сәйкес бүгінгі таңда ең өзекті сұрақтардың бірі: білім адамды ауыртпалыққа салмай, керісінше, оған қуат пен бақыт әкеліп, өмір бойы пайдасын тигізетіндей етіп қалай жасауды қамтамасыз етуге болады? деген сұраққа жауап іздей отырып, Н.В. Громыко [3] мектеп үшін дәстүрлі емес пәнді – «Білім» метапәнін енгізу арқылы оқушыларды дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетінше құрастырушы тұлға ретінде қалыптастыру идеясын ұсынды. Оның пайымдауынша, оқушы тек мұғалім немесе оқулық ұсынған мәліметтерді меңгеріп қана қоймай, ғылыми жаңалықтарды тәжірибе арқылы «қайта ашуға» мүмкіндік алған жағдайда ғана шынайы қызығушылықпен оқиды. Тарихи «гениалды ашылуларды» оқу процесіне тәжірибелік тұрғыда қайта жаңғырту білімнің терең әрі ұзақ мерзімді меңгерілуіне ықпал етеді. Осындай жағдайда білім алушы мектеп партасында отырып-ақ өзін шынайы зерттеуші ретінде сезінеді, ал бұл бастауыш білім берудің негізгі мақсаты – функционалды, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерді дамыту талаптарымен толық үндеседі.

Бұл зерттеудің өзектілігі оқу процесінде пәндер арасындағы байланысты нығайту, білім алушылардың метапәндік білігін қалыптастырудың қажеттілігінен туындап отыр. Бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік білігін қалыптастыру – олардың болашақта кез келген жағдайға оңтайлы шешімдер қабылдай алатын, сыни тұрғыдан ойлайтын және көпқырлы білімді тұлға болып қалыптасуына негіз қалайды. Осыған орай, бұл жұмыс метапәндік білікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін зерттеп, оның бастауыш білім беру жүйесіндегі маңыздылығын айқындайды.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Зерттеу жұмысы метапәндік оқыту жүйесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне негізделді және пәнаралық байланыс пен интеграция әдістерін зерттеген ғалымдардың жұмыстарына сүйене отырып, 25-ке жуық ғылыми еңбектер талданды. Бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік білігін пәнаралық байланыста қалыптастырудың маңызы туралы теориялық еңбектер сараланып, зерттеуге қатысты мәселе ғалымдардың пікірімен дәйектелді.

Ғылыми деректерді сараптау барысында зерттеу мәселесінің педагогикалық, психологиялық және әдістемелік аспектілері анықталды.

Зерттеу барысында келесі теориялық әдістер қолданылды: ғылыми әдебиеттерді талдау, жинақтау, жүйелеу, қорытындылау және педагогикалық тұжырымдамаларды сараптау. Эмпирикалық зерттеу әдісінің негізі болатын авторлық сауалнама жүргізу, сауалнама нәтижелерін сандық талдау.

Зерттеу жұмысы Шымкент қаласындағы мектеп-лицейінің 3 сынып білім алушыларының қатысуымен жүргізілді, 112 оқушыдан авторлық сауалнама алынды, бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік білігін қалыптастыруда пәнаралық байланыстың маңызы ашып көрсетілді.

Зерттеудің әдістері мен материалдарына негізделген зерттеу дизайны 1-кестеде.

### 1-кесте – Зерттеу дизайны

Кезең	Зерттеу мазмұны	Зерттеу құралы	Саны
<b>1-кезең Теориялық</b>	Метапәндік білік пен пәнаралық байланыстың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау.	Ғылыми әдебиеттерді талдау, жүйелеу, қорытындылау және педагогикалық тұжырымдарды сараптау.	25-ке жуық ғылыми еңбектер.
<b>2-кезең Диагностикалық</b>	Бастауыш сынып білім алушыларының мотивациясын, қызығушылығын және көзқарасын анықтау.	Авторлық сауалнама	5 сұрақтан тұратын авторлық сауалнама
<b>3-кезең Талдау</b>	Сауалнама нәтижелерін өңдеу	Сандық талдау (диаграмма)	3 сыныптың 112 білім алушылары

Сауалнаманың мақсатына сәйкес оның сұрақтары әр түрлі аспектіде білім алушылардың мотивациясын, қызығушылығын және көзқарасын анықтауға бағытталған. Бұл сауалнама бастауыш сынып білім алушыларының сабаққа белсенділігі мен жаңа білімді игеруге деген қызығушылығын, жалпы пәнаралық байланыс арқылы оқытылатын сабаққа деген ынтасын, бір пәннің аясында екінші пәннің мәліметтерін пайдалану арқылы шешілетін тапсырмаларды орындауға деген ұмтылысын, әртүрлі пәндерді біріктіре отырып, оқытуға деген көзқарасын және әртүрлі пәндердің білімін өмірде қолдана алу қабілетін зерттейді.

### Талдау мен нәтижелер

Бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік біліктерін қалыптастыру метапәндік көзқарас шеңберінде жүзеге асырылды. Бұл дамудың өзіндік тарихы бар. Метасубъект Аристотельдің және басқа да ежелгі философтардың еңбектерінде қарастырылды. Бірақ тек XX ғасырдың аяғында ғана пәндік білімнің бытыраңқылығын сезінумен байланысты метапәндік көзқарас қалыптаса бастады.

Пәнаралық байланысты қалыптастыру идеясы мен жалпы білім беру дағдыларын дамыту мәселелерін көптеген ғалымдар зерттеген, олардың ішінде А.Г. Асмолов, Ю.В. Громыко, Н.В. Громыко, О.М. Корчажкина және А.В. Хуторской ерекше орын алады. Олардың метапән ұғымына берген түсініктері бір-бірінен өзгешеленеді. Ю.В. Громыконың пікірінше, «белгі» метапәні бір оқу пәніне қатысты емес, бірақ әр пәннің аясында оқыту процесін қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді қамтиды [5]. Оның анықтамасына сәйкес, метапәндік дағдыларға ғылыми салаға қарамастан, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері мен дағдылары, сондай-ақ психологиялық мәселелерді шешу жолдары жатады. Ю.В. Громыко [6] метапәндік дағдыларға

теориялық, сыни ойлау және шығармашылық ойлаудың әдістері мен ақпаратты өңдеу тәсілдерін қосады. Бұл дағдылар әртүрлі ойлау түрлерімен тығыз байланыста болып, бір-бірін толықтырып отырады. Мысалы, теориялық ойлау дағдысы қарама-қайшылықтарды анықтау, мәселені шешу және оны бастапқы күйін талдай білу. Ойлаудың барлық түрлері бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, метапәндік дағдылар үнемі бір-біріне көшіп немесе ауысып отырады [4].

А.В. Хуторской [7] метапәндерді оқу пәндерінің шекарасынан шығу деп түсіндіреді. Дегенмен, метапәнділікті пән мазмұнынан ажыратуға болмайды. Метапәндің мәні оның оқу процесінде әртүрлі пәндерді және олардың арақатынасын зерттеу арқылы білім алушылардың жалпы көзқарасын қалыптастыруда жатыр. Бұл концепция пәндерге емес, білім мен оқытудың әдістеріне негізделген. Сондықтан, метапәндік тек бір пәнмен шектелмей, барлық білім беру процесін қамтитын кең ауқымды зерттеуді білдіреді. Мысалы, математикалық талдау, дыбыстық-әріптік талдау сияқты пәндер пәндік білім мен дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Алайда, метапәндік тұрғыда оларды тек оқу пәндері ғана емес, білімнің негіздерін, жалпы әдістерін зерттеу тұрғысынан қарастыру қажет. Математикалық талдау тек математикаға ғана қатысты емес, сонымен қатар логика, жүйелі ойлау, және басқа пәндермен байланысы арқылы кең мағынаға ие. Сол сияқты, дыбыстық-әріптік талдау тіл мен әдебиетке байланысты болғанымен, ол білім алушылардың тілдік-коммуникативті қабілеттерін дамытуда кең мағыналы.

Ю.В. Громыконың [5] пайымдауынша, метапәндерді құрудың маңызды тұсы – олардың нақты пәндермен шектеліп қалмай, ғылыми салалардың кең ауқымын қамтуы керек. Мысалы, «белгі» метапәні әртүрлі пәндерде қолданылуы оларды жалпылау, өзара байланыс орнату арқылы ғылыми білімнің көпқырлы сипатын көрсетуге мүмкіндік береді. Громыконың айтуынша, метапәндер тек пәндер арасындағы шекараны жою ғана емес, сонымен қатар жалпы білім жүйесінде жоғары деңгейдегі тұжырымдарды қалыптастыру болып табылады. «Белгі» метапәнінің нақты пәндерден тыс болып оларды біріктіре алатындығы маңызды: оның мазмұны әртүрлі ғылымдардың символдар мен белгілер арқылы білім беру кезінде зерттелетін концепцияларын қамтиды. Бұл метапәндің бір бөлігі пәндік мазмұнды қамтитыны рас, алайда оның басты міндеті – оқытудың жоғары деңгейін көрсету, яғни пәндер арасындағы шекараны бұзып, олардың арасындағы байланысты орнату. Бұл идея ғылымның әртүрлі салаларының өзара көпқырлылығын, сондай-ақ білім беру жүйесінің жалпы тұтастығын көрсетуге бағытталған.

А.В. Хуторской [7] пікірінше, метапәндерді пәндік мазмұнды тереңірек зерттеуге және оны басқа ғылыми салалармен байланыстыра отырып, білімді кеңейтуді көздейді. Бұл тәсіл білім алушыларға пәндер арасындағы байланысты көріп, білімнің жалпы жүйесін түсінуге көмектеседі. Сондықтан, метапәндерді құрғанда, пәндік мазмұнды негізге алу өте маңызды.

Екі ғылыми мектептің негізгі идеясы метапәндерді құру болғанымен, біз А.В. Хуторскойдың ғылыми мектебін қолдап, метапәндер оқу пәндерінің пәндік мазмұнына негізделуі керек деп есептейміз.

Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытуды көздеген отандық ғалым Ж.А. Жұмабаева өз зерттеу жұмысында: «метапәндік оқыту – оқушының пәндер аясында әмбебап оқу әрекеттері арқылы қалыптасқан метапәндік нәтижелерді өз тәжірибесінде бекіту үдерісі» - деп анықтама берген [8].

Заманауи білім беру жүйесінің жаңа кезеңінде метапәндік оқытудың ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектері теориялық негіз ретінде алынып, метапәндік оқытуды ұйымдастыруда маңызды тірек болары сөзсіз. Метапәндік оқыту мәселесіне қатысты зерттеулер көбінесе пәнаралық байланыс және интеграция мәселелерін қарастырады. Осы зерттеулердің нәтижесінде дидактикада пәнаралық байланыс ұстанымы ретінде түрлі түсініктердің қалыптасуына әкеліп, бұл білім беру жүйесінде тарихи дәстүрлерді жаңаша

көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Осылайша, білім беру жүйесінде интеграция ұғымы пайда болады.

А.А. Бейсенбаева [9] «интеграция» ұғымын өте терең және көпқырлы түсіндіреді. Ол интеграцияны тек екі немесе бірнеше ғылыми элементтерінің жай қосылуы деп қарастырмайды, керісінше оны жаңа сапалардың пайда болуы, бұрын әртүрлі болған элементтердің бірігуі ретінде түсінеді. Ғалымның пікірінше, интеграция процесі тек қосу ғана емес, жаңа сапалы өзгерістерді, жаңа құрылымдарды қалыптастыруды білдіреді. Бұрын әртүрлі болған ғылымдардың немесе салалардың элементтері тек өзара қосылып қоймай, олардың жаңа, жүйеленген ішкі бірлігін құрады. Бұл тұрғыда интеграция білім беру саласында да маңызды рөл атқарады. Мысалы, пәндер арасындағы интеграция жаңа білімнің қалыптасуына, пәндер арасындағы байланысты терең түсінуге және оқу процесін жаңа сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Н.А. Оразақынова [10] өзінің кандидаттық диссертациясында пәнаралық байланысты педагогика ғылымында философиялық, психологиялық және диалектикалық тұрғыдан қарастырудың маңыздылығын атап өтеді. Ол пәнаралық байланысты жеке пәндерді меңгерту негізінде іске асатын күрделі процесс ретінде түсіндіреді. Пәнаралық байланыс білім алушыларға бір ғана пәнмен шектелмей, оны басқа пәндермен байланыстыра отырып, пәнді еркін меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, білім алушылардың бір пәннен алған білім шеңберін кеңейтуге, басқа пәндердің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуге септігін тигізеді. Ғалымның берген анықтамасы, пәнаралық байланыстың білім беру процесіндегі ерекше рөлін айқындайды. Бұл байланыс білім алушыларға пәндер арасындағы шекараларды жоюға, білімді кешенді түрде қабылдауға және пәндер арасындағы органикалық өзара байланысты қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, пәнаралық байланыс білім алушылардың жалпы танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға, олардың білімін тереңдетуге бағытталған тиімді әдістемелік құрал болып табылады.

Д.Ж. Кішібаеваның кандидаттық зерттеу жұмысында пәнаралық байланысты: «пәнаралық байланыс тұрғысынан практикалық іс-әрекеттерді жоспарлау және орындау – бұл төмендегідей тапсырмаларды орындаудан тұрады: тапсырманы орындау жоспарын құрастыру; бақылауды; өлшеуді және эксперименттерді жоспарлау және жүргізу; жүйенің дамуын болжау, іс-әрекетті орындау жоспарын талдау» [11] деп көрсетеді.

Л.А. Калининиченко [13] және қосалқы авторлардың пікірінше метапәндік білікті әмбебап оқу әрекеттерінің синонимі ретінде нақтыласа, О.В. Петуниннің [12] зерттеу жұмысында, метапәндік біліктер мектеп оқушыларының әмбебап оқу әрекетімен тікелей байланыстыра отырып «әмбебап оқу әрекеттері» термині кең мағынада – оқу қабілеті, яғни баланың жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеру арқылы өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеті (олар: тұлғалық, реттеуші, танымдық, коммуникативті әрекеттер) деп нақтылаған. Осы аталған оқыту әрекеттері дағдыларды қалыптастырудың негізі болып табылады, сондықтан, кеңірек ұғым «метапәндік біліктер», ал «әмбебап оқу әрекеттері» олардың қалыптасуына негіз болатын фундамент іспеттес деп атап көрсеткен.

А. Rigamonti мен L. Formenti [14] анықтамасына сәйкес, қазіргі уақытта «метапәндік тәсіл» ұғымын дәл және толық сипаттайтын біртұтас терминология жоқ. Алайда, К.Д. Ions пен N. Sutcliffe [15] пікірінше, метапәндік білік көпқырлы тұлғалық қасиеттер мен «жұмсақ дағдыларды» қамтиды. Осы аталған пікірмен келісуге болады және метапәндік тәсілдің жалпы мәдени және жалпы кәсіби жоспардағы құзыреттермен көрінетінін атап өтуге болады. Жалпы, метапәндік компетенциялардың тобы практикалық дағдылар мен біліктер құрайды. Олардың ішінде туындаған мәселені шешу, коммуникация орнату, жағдайға байланысты шешімдер қабылдау, топта жұмыс істеу, әртүрлі ақпаратпен жұмыс істеу, уақытты басқару, өз жетістіктерін бағалай білу, өз іс-әрекетін жоспарлау, рефлексивті дағдыларды қолдану сияқты біліктер мен дағдылар бар.

Жоғарыда аталған ғылыми еңбектерде пәнаралық байланыс, метапәндік тәсіл мен метапәндік біліктің жалпы концептуалдық негіздері мен интеграционалдық тұжырымдары кеңінен қарастырылғанымен, бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік білігін қалыптастыру мәселесі жеткіліксіз дәрежеде зерттелгенін байқауға болады. Бұл жағдай, өз кезегінде, зерттеліп отырған тақырыптың ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан өзектілігін айқындайды. Әсіресе бастауыш сынып кезеңінде метапәндік біліктің қалыптасу деңгейін анықтау және олардың оқу процесіндегі көрінісін талдау қажеттілігі туындайды.


Осыған байланысты зерттеудің мақсатына сәйкес бастауыш сынып білім алушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Шымкент қаласындағы мектеп-лицейінің 3-сынып білім алушылары, ата-аналардың және мектеп әкімшіліктерінің келісімімен 112 білім алушы қатысты.

Сауалнама нәтижесінде, жауап берген бастауыш сынып білім алушылардың жауаптары диаграмма жүзіндегі суреттер арқылы көрсетілді (1-сурет).




1-сурет – Сабаққа белсенді қатысып, жаңа білімді игеруге қызығушылық танытасыз ба?

Алғашқы зерттеу сұрағына байланысты сурет 1-де көрсетілгендей респонденттердің 64,5%-ы сабаққа белсенді қатысып, жаңа білімді игеруге деген қызығушылықтары жоғары екендігін баса назарға алынды, ал 28,4%-ы кейде және 7,1%-ы аса қызығушылық танытпайтындығын байқатты. Бұл көрсеткіш бастауыш сынып білім алушыларының басым бөлігінде жаңа білімді меңгеруге деген ішкі мотивациясының бас екенін аңғартады және метапәндік білігін қалыптастыруға қолайлы алғышарттар бар екенін дәлелдейді.




2-сурет – Сізге әртүрлі пәндерді біріктіріп оқыған ұнайды ма?

Келесі зерттеу сұрағы 2-суретте ұсынылған деректерге сәйкес, респонденттердің 70,8%-ы пәндерді кіріктіре оқыту форматына оң көзқарас білдірген. Ал 20,8%-ы бұл тәсілге орташа деңгейде қолдау танытса, 8,3%-ы аталған оқу форматының өздеріне ұнамсыз екенін көрсеткен. Аталған көрсеткіштер баституыш сынып білім алушыларының басым бөлігінде пәнаралық байланысқа қызығушылық бар екенін айқындайды. Сонымен қатар, «кейде» және «жоқ» деп жауап берген білім алушылармен жүргізген қосымша талдау пәндерді байланыстыра оқыту барысында тапсырмаларды түсіну мен орындауда белгілі бір қиындықтар туындамайтынын көрсетті. Бұл жағдай пәнаралық байланыста оқытуды ұйымдастыруда әдістемелік қолдауды жетілдіру қажеттігін аңғартады.



3-сурет – Қазақ тілі сабағында, математика мен жаратылыстану пәндерінің элементтерін пайдаланған сізге ұнай ма?

Кезекті сауалымыз 3-сурет нәтижелері бойынша респонденттердің 68,8%-ы қазақ тілі сабағында басқа пән элементтерін қолдануға оң көзқарас білдірген, 20,3%-ы орташа деңгейде қолдау танытқан, 10,4%-ы теріс жауап берген. Бұл деректер білім алушылардың оқу пәндері аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыруды қолдайтынын және кіріктірілген мазмұнның оқуға деген қызығушылығын арттыратынын көрсетеді.



4-сурет – Бір пәннің аясында, екінші пәннің мәліметтерін пайдалану арқылы шешілетін тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытасыз ба?

4-суреттегі мәліметтерге сәйкес, респонденттердің 51,1%-ы бір пән шеңберінде екінші пәннің мазмұнын қолдана отырып орындалатын тапсырмаларға қызығушылық танытатынын растаған. Сонымен қатар, 26%-ы мұндай тапсырмаларды орындау барысында қиындықтар туындайтынын көрсетсе, 22,9%-ы оларды қызықсыз деп бағалаған. Нәтижелер білім алушылардың едәуір бөлігі кіріктірілген тапсырмалар форматына оң көзқарас білдіретінін, алайда белгілі бір бөлігінде мазмұнды түсіну мен қолдануда қиындықтар бар екенін көрсетеді.



**5-сурет – Әртүрлі пәндерді біріктіре отырып оқыту арқылы алған біліміңізді өмірде қолдана аласыз ба?**

Сауалнаманың қорытынды сұрағына сәйкес, респонденттердің 31,8%-ы пәнаралық байланыс негізінде алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдана алатынын атап өткен. 15%-ы бұл қабілетті орташа деңгейде бағаласа, 53,2%-ы алған білімдерін өмірде қолдана алмайтынын көрсеткен. Бұл нәтиже білім алушылардың басым бөлігінде теориялық білімді практикалық тұрғыдан қолдану білігінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын аңғартады.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында оқу мотивациясының білім алушылардың оқу жетістіктеріне тікелей ықпал ететіні анықталды. Ғылыми еңбектерде оқу мотивациясының жоғары деңгейі оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына, тапсырмаларды сапалы орындауына және жалпы үлгерімінің артуына негіз болатыны көрсетіледі. Ал оқу іс-әрекетіне деген кері немесе орташа көзқарас оқу нәтижелерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, сауалнама барысында анықталған білім алушылардың қызығушылық деңгейі мен пәнаралық тапсырмаларға қатынасы олардың оқу мотивациясының сипатын айқындайды.

Алынған деректер пәнаралық байланысты тиімді ұйымдастыру мен метапәндік біліктерді жүйелі қалыптастыру білім алушылардың оқу іс-әрекетіне деген жағымды мотивациясын арттырудың маңызды факторы екенін көрсетеді. Пәндерді кіріктіре оқыту білім алушыларға бір пән аясында меңгерілген білімді екінші пән мазмұнымен байланыстыра қолдануға мүмкіндік береді, нәтижесінде олардың білімді трансформациялау, жалпылау және жүйелеу қабілеттері дамиды. Бұл процесс терең әрі жүйелі ойлауды қалыптастырып, білімді өмірлік жағдаяттарда қолдануға алғышарт жасайды.

Осы бағыттағы зерттеулердің бірі А. Каббасованың [16] жұмысының мақсатына сәйкес болашақ мұғалімдердің метапәндік тәсілді жүзеге асыруға дайындық деңгейін анықтау болды. Осы мақсатта Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетте, студенттер арасында анкета жүргізген. Анкетаға 120 студент қатысқан, олар педагогикалық мамандықтар бойынша 4-курстың студенттері болды. Бұл жастағы респонденттерді таңдау кездейсоқ емес, себебі студенттерде пәндік және арнайы компетенциялардың қалыптасуы аяқталған кезең. Анкета

барысында метапәндік тәсілдің мәні мен метапәндік құзыреттіліктерді қолдану мәселелері қарастырылды.

Нәтижесінде студенттердің метапәндік тәсілдің теориялық мәнін толық әрі тұтас түсінуде қиындықтарға тап болатынын аңғартады. Атап айтқанда, метапәндік оқытудың мазмұны мен оның нәтижелерін түсіндіруде бірізділік пен жүйелілік жетіспейтіні байқалды. Метапәндік тәсілді нақты мектеп тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін сипаттауда да сенімсіздік пен практикалық бағдардың әлсіздігі көрінді. Бұл болашақ мұғалімдердің теориялық білім мен практикалық қолдану арасында байланысты жеткілікті деңгейде игермегенін білдіреді. Қосымша сұрақтарға берілген жауаптар студенттердің пәндік мазмұнды көбіне дәстүрлі, ақпараттық-түсіндірмелік шеңберде қабылдайтынын көрсетті. Олардың басым бөлігі оқыту процесін фактілерді меңгерту және түсіндірумен шектеп, білім алушылардың әмбебап оқу әрекеттерін, сыни ойлауын, рефлексиясын және пәнаралық байланыстарды қалыптастыру сияқты метапәндік нәтижелерді екінші кезекке ысырады. Бұл жағдай метапәндік тәсілдің мәні көбіне тар мағынада ұғынылатынын және оның құзыреттілікке бағытталған әлеуеті толық ашылмай отырғанын айғақтайды.

А.А. Попрыгинаның [17] зерттеу жұмысында бастауыш мектептегі оқу процесінде білім алушылардың объекті туралы тұтас қабылдауын, оқу пәндері арасындағы байланыстар орнатуға және түсінуге ұмтылысы мен қабілетін қалыптастыру маңызды деген көзқараста. Зерттеу барысында бастауыш сынып білім алушыларының әмбебап оқу әрекеттерін, яғни танымдық, реттеуші және коммуникативтік оқу әрекеттерінің қалыптасу деңгейін бағалау үшін диагностика жүргізген. Диагностика нәтижесінде әмбебап оқу әрекеттерінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетті: танымдық әрекеттер бойынша жоғары деңгейдегі көрсеткіштердің үлесі шектеулі болып, басым бөлігі орташа деңгейде шоғырланған: реттеуші мен коммуникативтік әрекеттерде де ұқсас үрдіс байқалып, төмен деңгейдегі көрсеткіштердің едәуір болуы анықталған. Бұл жағдай бастауыш мектепте оқыту процесінің әлі де көбіне репродуктивті сипатта ұйымдастырылатынын аңғартады. Аталған нәтижелер білім беру тәжірибесіне жаңашыл педагогикалық технологияларды енгізудің қажеттілігін негіздейді. Автор мәселені шешудің ықтимал жолдарының бірі ретінде интегративті тапсырмаларды ұсынады. Интегративтік тапсырмалар білім мазмұнын пәнаралық байланыс негізінде біріктіріп, білім алушылардың ақпаратты механикалық түрде меңгеруінен гөрі оны түсінуіне, талдауына және жаңа жағдаяттарда қолдануына бағытталады. Мұндай тапсырмалар оқу әрекетінің барлық түрін кешенді түрде дамытып, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, сонымен қатар оқу материалына саналы және тұтас көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

И.С. Хажуев пен А.А. Саидовтың [18] зерттеуінде білім беру процесіндегі педагогикалық ойындар студенттердің метапәндік дағдыларын дамыту құралы ретінде қарастырады. Педагогикалық ойындардың метапәндік дағдылардың қалыптасуына әсерін зерттеу үшін бір оқу бағдарламасында оқитын 1-4 курс студенттерінің қатысуымен тәжірибе жүргізген. Студенттердің метапәндік дағдыларын, атап айтқанда, шығармашылық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін, сондай-ақ сын тұрғысынан ойлауды дамытуға бағытталған 10 педагогикалық ойынды іс-тәжірибеден өткізген. Педагогикалық ойындар Чеченский мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогикалық шеберханасының мамандары А. Динаеваның жетекшілігімен әзірленген.

Жалпы алғанда олардың зерттеулерінің нәтижесінде білім беру процесінде ойын технологиясын әзірлеу және енгізу бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік берген, сондай-ақ педагогикалық ойындарды оқу бағдарламасына енгізу үшін әдістемелік тәсілдер мен құралдарды әзірлеу мәселесін нақтылаған.

Пәнаралық байланыста оқытуды ұйымдастырмай білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін дамыту мүмкін емес. Сонымен, пәнаралық байланыс мәселелермен айналыса отырып, Г.К. Селевко [19] пәнаралық мазмұнмен жұмыс жасау үшін жобалау

технологияларын тиімді пайдалану мүмкіндіктерін көрсетеді. А.В. Хуторской [7], Н.В. Громыко [4] және С.В. Галян [20] мектептегі білім беруді, білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін дамытуға тиімді әсер ететін мазмұнмен толықтыру мәселесі әлі де бар деп атап айтқан.

Қорытындылай келе, метапәндік білікті қалыптастыру білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болмақ. Олар білім алушылардың жеке және кәсіби өміріндегі табысты болуын қамтамасыз ету үшін қажетті дағдыларды дамытуға бағытталған.

### **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу бастауыш сынып білім алушыларының метапәндік білігін қалыптастыруда пәнаралық байланысты мақсатты әрі жүйелі ұйымдастырудың ғылыми-теориялық және практикалық маңызын айқындады. Теориялық талдау нәтижесінде «метапән», «метапәндік білік», «пәнаралық байланыс», «интеграция» ұғымдарының өзара мазмұндық сабақтастығы анықталып, олардың бастауыш білім беру процесіндегі орны нақтыланды. Метапәндік білік білім алушының тек пәндік білімді меңгеруімен шектелмей, оны түрлі оқу және өмірлік жағдаяттарда қолдана алуымен, талдау, салыстыру, жалпылау, модельдеу және рефлексия жасау қабілеттерімен сипатталатыны негізделді.

Зерттеу нәтижелері пәнаралық байланысты жүзеге асыру білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу мотивациясын күшейтетінін көрсетті. Пәндер арасындағы мазмұндық және логикалық байланыстарды ашу арқылы білім алушылар білімді тұтас жүйе ретінде қабылдауға, оны жаңа контексте қолдануға және мәселелерді кешенді түрде шешуге дағдыланады. Бұл процесс олардың сыни, шығармашылық және аналитикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Эмпирикалық деректер пәнаралық мазмұнда ұйымдастырылған тапсырмалар білім алушылардың қызығушылығы мен оқу процесіне қатысу белсенділігін арттыратынын дәлелдеді. Мұндай ұйымдастыру формасы оқу материалының мағыналылығын күшейтіп, білім алушылардың жеке тәжірибесімен байланысын тереңдетеді. Нәтижесінде оқу әрекеті репродуктивті сипаттан өнімді, зерттеушілік сипатқа ауысады.

Бұл жұмысты қорытындылай келе бастауыш білім беру деңгейінде метапәндік біліктерді қалыптастыру үшін оқу мазмұнын интеграциялау, әдістемелік құралдарды жаңарту, сондай-ақ мұғалімдердің пәнаралық жобалау және оқу тапсырмаларын құрастыру құзыреттілігін жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Бұл бағытта жүйелі әдістемелік қолдау мен ғылыми негізделген бағдарламалар әзірлеу өзекті болып табылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылған пікірлер мен идеялар бастауыш мектептегі оқыту мен оқу процесін жетілдіруге бағытталған.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы // Кіт.: Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2008. – 216 б.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қаралған күні 04.01.2024)
3. Громыко Н.В. Метапредмет «Знание»: учебное пособие для учащихся старших классов. – М.: Пушкинский институт, 2001. – 544 с.
4. Громыко Н.В. Мыследеятельностная педагогика и новое содержание образования. Метапредметы как средство формирования рефлексивного мышления у школьников. [Электронный ресурс]. URL: <http://1314.ru/node/24> (дата обращения: 04.01.2024).
5. Громыко Ю.В. Метапредмет «Знак». Схематизация и построение знаков: учебное пособие. – М.: Пушкинский институт, 2001. – 288 с.
6. Громыко Ю.В. Мыследеятельностная педагогика (теоретико-практическое руководство по освоению высших образцов педагогического искусства). – Минск: Технопринт, 2000. – 376 с.

7. Хуторской А.В. Метапредметное содержание общего образования и его отражение в новых образовательных стандартах // Вестник Института образования человека. – 2012. – №2. [Электронный ресурс]. URL: <https://eidos-institute.ru/journal/2012/200/Eidos-Vestnik2012-211-Khutorskoу.pdf> (дата обращения 12.11.2024)
8. Жұмабаева Ж.А. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту: философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2021. – 38 б.
9. Бейсенбаева А.А. Проблемы интеграции науки и практики в аспекте повышения качества педагогического образования будущих учителей // Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития: материалы Междунар. науч.-практ. конф. – Алматы, 2004. – С. 437–442.
10. Оразахынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2007. – 44 б.
11. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Түркістан, 2009. – 134 б.
12. Петунин О.В. Метапредметные умения школьников // Народное образование. – 2012. – №7. – С. 164–169.
13. Калининченко Л.А. Метапредметные умения: формирование и оценка // Гуманитарные научные исследования. – 2017. – №12 [Электронный ресурс]. URL: <https://human.snauka.ru/2017/12/24677> (дата обращения 12.11.2024).
14. Rigamonti A., Formenti L. Polifonie incorporate. Formare alla riflessività sistemica nella comunità per minorenni // Rivista Italiana di Educazione Familiare. – 2020. – Vol. 17, №2. – P. 113–132.
15. Ions K.J., Sutcliffe N. Barriers to constructing experiential learning claims through reflective narratives: Students' experiences // Higher Education, Skills and Work-Based Learning. – 2020. – Vol. 10, №1. – P. 126–140.
16. Каббасова А.Т. Метапредметный подход в изучении английского языка в педагогическом вузе // Grand Altai Research & Education = Наука и образование Большого Алтая: сетевое издание. – 2018. – Вып. 2 (9). [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metapredmetnyu-podhod-v-izuchenii-angliyskogo-yazyka-v-pedagogicheskom-vuze/viewer> (дата обращения 12.11.2024)
17. Попрыгина А.А., Воронина Л.В. Интеграция предметных областей как средство освоения младшими школьниками метапредметных понятий // Педагогическое образование в России. – 2020. – №3. – С. 140–147.
18. Хажуев И.С., Саидов А.А. Педагогические игры в образовательном процессе как инструмент развития метапредметных навыков студентов // Перспективы науки и образования. – 2024. – №3 (69). – С. 130–145.
19. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. – М.: НИИ школьных технологий, 2006. – 556 с.
20. Галян С.В. Метапредметный подход в обучении школьников: Методические рекомендации для педагогов общеобразовательных школ. – Сургут: РИО СурГПУ, 2014. – 64 с.

## REFERENCES

1. Bilim turaly QR 2007 zhylgy 27 shildedegi №319-III Zany // Qazaqstan Respublikasyndagy bilim turaly zannama: zan aktilerinin zhiyntygy [Law of the Republic of Kazakhstan on Education dated July 27, 2007 No. 319-III // In: Legislation on education in the Republic of Kazakhstan: a set of legislative acts]. – Алматы: Iurist, 2008. – 216 b. [in Kazakh]
2. Mektepke deiingi tarbie men oqytudyn, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tehnikalyq zhane kasiptik, orta bilimnen keiingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty: Qazaqstan Respublikasy Oqu-agartu ministrinin 2022 zhylgy 3 tamyzdagy №348 buirygy [State mandatory standard of preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and professional, post-secondary education: Order of the minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (date of access 04.01.2024) [in Kazakh]

3. Gromyko N.V. Metapredmet «Znanie»: uchebnoe posobie dlia uchashihsia starshih klassov [Metasubject “Knowledge”: a textbook for high school students]. – M.: Pushkinski institut, 2001. – 544 c. [in Russian]
4. Gromyko N.V. Mysledeiatel'nostnaia pedagogika i novoe sodержanie obrazovaniia. Metapredmety kak sredstvo formirovaniia reflektivnogo myshleniia u shkolnikov [We follow activity pedagogy and the new content of education. Meta-subjects as a means of forming reflexive thinking in schoolchildren]. [Electronic resource]. URL: <http://1314.ru/node/24> (date of access 04.01.2024) [in Russian]
5. Gromyko Iu.V. Metapredmet «Znak». Schematizatsiia i postroenie znakov: uchebnoe posobie [The meta-subject “Sign”. Schematization and construction of signs: a textbook]. – M.: Pushkinski institut, 2001. – 288 s. [in Russian]
6. Gromyko Iu.V. Mysledeiatel'nostnaja pedagogika (teoretiko-prakticheskoe rukovodstvo po osvoeniui vysshih obrazcov pedagogicheskogo iskusstva) [My Research Activity pedagogy (a theoretical and practical guide to mastering the highest standards of pedagogical art)]. – Minsk: Tehnoprint, 2000. – 376 s. [in Russian]
7. Hutorskoi A.V. Metapredmetnoe sodержanie obshego obrazovaniia i ego otrazhenie v novykh obrazovatel'nykh standartakh [Meta-subject content of general education and its reflection in new educational standards] // Vestnik Instituta obrazovaniia cheloveka. – 2012. – №2. [Electronic resource]. URL: <https://eidos-institute.ru/journal/2012/200/Eidos-Vestnik2012-211-Khutorskoy.pdf> (date of access 12.11.2024) [in Russian]
8. Zhumabaeva Zh.A. Bastauysh bilim beru panderin metapandik turgyda oqytu: filosofia doktory (PhD) ... dis. [Teaching subjects of primary education in a metaspecific context: doctor of Philosophy (PhD) ... dis.]. – Almaty: Abai atyndagy QazUPU, 2021. – 38 b. [in Kazakh]
9. Beisenbaeva A.A. Problemy integratsii nauki i praktiki v aspekte povysheniia kachestva pedagogicheskogo obrazovaniia budushih uchitelei [Problems of integration of science and practice in the aspect of improving the quality of pedagogical education for future teachers] // Kachestvo pedagogicheskogo obrazovaniia: problemy i perspektivy razvitiia: materialy Mezhdunar. nauch.-prakt. konf. – Almaty, 2004. – S. 437–442. [in Russian]
10. Orazahynova N.A. Zhalpy bilim beretin orta mektepte qazaq tilin satylai keshendi taldau tehnologiasymen oqytudyn gylymi-adistemelik negizderi: ped. gyl. dok. ... avtoref. [Scientific and methodological foundations of teaching the Kazakh language in a secondary school with the technology of a step-by-step complex analysis: abstract]. – Almaty, 2007. – 44 b. [in Kazakh]
11. Kishibaeva D.Zh. Bastauysh synyp oqushylarynyn shygarmashylyq is-areketin panaralyq bailanys negizinde qalyptastyru: ped. gyl. kand. ... dis. [Formation of creative activity of Primary School students on the basis of interdisciplinary communication: dis.]. – Turkistan, 2009. – 134 b. [in Kazakh]
12. Petunin O.V. Metapredmetnye umeniia shkolnikov [Meta-subject skills of schoolchildren] // Narodnoe obrazovanie. – 2012. – №7. – S. 164–169. [in Russian]
13. Kalinichenko L.A. Metapredmetnye umeniia: formirovanie i ochenka [Meta-subject skills: formation and evaluation] // Gumanitarnye nauchnye issledovaniia. – 2017. – №12 [Electronic resource]. URL: <https://human.snauka.ru/2017/12/24677> (date of access 12.11.2024) [in Russian]
14. Rigamonti A., Formenti L. Polifonie incorporate. Formare alla riflessività sistemica nella comunità per minorenni [Embedded polyphonies. Training in systemic reflexivity in the juvenile community] // Rivista Italiana di Educazione Familiare. – 2020. – Vol. 17, №2. – P. 113–132. [in Italian]
15. Ions K.J., Sutcliffe N. Barriers to constructing experiential learning claims through reflective narratives: Students' experiences // Higher Education, Skills and Work-Based Learning. – 2020. – Vol. 10, №1. – P. 126–140.
16. Kabasova A.T. Metapredmetnyi podhod v izuchenii angliskogo iazyka v pedagogicheskom vuze [A meta-subject approach to learning English at a pedagogical university] // Grand Altai Research & Education = Nauka i obrazovanie Bolshogo Altaia: setevoe izdanie. – 2018. – Vyp. 2 (9). [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metapredmetnyy-podhod-v-izuchenii-angliyskogo-azyka-v-pedagogicheskom-vuze/viewer> (date of access 12.11.2024) [in Russian]
17. Poprygina A.A., Voronina L.V. Integratsiia predmetnykh oblastei kak sredstvo osvoeniia mladshimi shkolnikami metapredmetnykh poniati [Integration of subject areas as a means of mastering meta-subject concepts by younger students] // Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii. – 2020. – №3. – S. 140–147. [in Russian]
18. Hazhuev I.S., Saidov A.A. Pedagogicheskie igry v obrazovatel'nom processe kak instrument razvitiia metapredmetnykh navykov studentov [Pedagogical games in the educational process as a tool for

- developing students' meta-subject skills] // Perspektivy nauki i obrazovania. – 2024. – №3 (69). – S. 130–145. [in Russian]
19. Selevko G.K. Enciklopedia obrazovatelnyh tehnologi [Encyclopedia of Educational Technologies]. – M.: NII shkolnyh tehnologi, 2006. – 556 s. [in Russian]
20. Galian S.V. Metapredmetnyi podhod v obuchenii shkolnikov: Metodicheskie rekomendacii dlia pedagogov obsheobrazovatelnyh shkol [Meta-subject approach in teaching schoolchildren: Methodological recommendations for teachers of secondary schools]. – Surgut: RIO SurGPU, 2014. – 64 s. [in Russian]

### **Determining the Importance of Interdisciplinary Connections in the Formation of Meta-Subject Skills of Primary School Students**

**Abstract.** The article examines the pedagogical potential of interdisciplinary connections in the formation of metasubject competencies among primary school students from both theoretical and practical perspectives. The aim of the study is to determine the significance of developing metasubject competencies through interdisciplinary integration at the primary education level and to substantiate its effectiveness in the educational process. The research clarifies the conceptual content of the notions “metasubject”, “metasubject competence”, “interdisciplinary connection” and “integration” and systematizes their interrelationships. Theoretical analysis demonstrates that metasubject competence is characterized by the ability to apply knowledge in various contexts, think critically and creatively, engage in reflection, and establish logical connections between different subject areas. The empirical section presents the results of an author-designed survey conducted among primary school students. The findings indicate that learning tasks based on interdisciplinary connections enhance students’ cognitive interest, strengthen learning motivation, and contribute to the integrated acquisition of knowledge.

The research findings substantiate the necessity of considering interdisciplinary integration in the context of primary education content modernization not merely as a didactic approach, but at the level of a methodological principle for organizing the educational process. This, in turn, implies the need to adopt an integrative approach in curriculum design, to develop learning tasks oriented toward meta-subject outcomes, and to prioritize the development of interdisciplinary planning and reflective analysis skills within teachers’ professional training.

**Keywords:** Interdisciplinary connections, metasubject, metasubject teaching, metasubject skills, integration, primary school students.

### **Определение значимости межпредметной связи в формировании метапредметных умений учащихся начальных классов**

**Аннотация.** В статье рассматривается педагогический потенциал межпредметных связей в формировании метапредметных компетенций обучающихся начальных классов с научно-теоретической и практической точек зрения. Цель исследования – определить значимость формирования метапредметных компетенций на основе межпредметной интеграции в системе начального образования и обосновать её эффективность в образовательном процессе. В ходе исследования уточнено содержательное наполнение понятий «метапредмет», «метапредметная компетенция», «межпредметная связь», «интеграция», а также систематизированы их взаимосвязи. Теоретический анализ показал, что метапредметная компетенция характеризуется способностью применять знания в различных ситуациях, осуществлять критическое и творческое мышление, рефлексию и устанавливать логические связи между различными учебными предметами. В эмпирической части представлены результаты авторского опроса, проведённого среди обучающихся начальных классов. Полученные данные свидетельствуют о том, что учебные задания, основанные на межпредметных связях, способствуют повышению познавательного интереса обучающихся, усиливают учебную мотивацию и обеспечивают комплексное усвоение знаний.

Результаты исследования обосновывают необходимость рассмотрения межпредметной интеграции в условиях модернизации содержания начального образования не только как дидактического приёма, но и на уровне методологического принципа организации образовательного процесса. Это, в свою очередь, предполагает реализацию интегративного подхода при разработке

учебных программ, проектирование учебных заданий, ориентированных на достижение метапредметных результатов, а также приоритетное развитие у педагогов навыков междисциплинарного проектирования и рефлексивного анализа в системе их профессиональной подготовки.

**Ключевые слова:** межпредметные связи, метапредмет, метапредметное обучение, метапредметные умения, интеграция, учащиеся начальной школы.

**Авторлар туралы мәлімет**

*Абдраш Ж.А.* – корреспондент-автор, PhD докторант, *Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*, e-mail: [abdrashjuldyzai@mail.ru](mailto:abdrashjuldyzai@mail.ru), Қазақстан, Шымкент қ.

*Есназар А.Ж.* – PhD, *Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*, e-mail: [asel.esnazar@mail.ru](mailto:asel.esnazar@mail.ru), Қазақстан, Шымкент қ.

**Information about the authors**

*Abdrash Zh.B.* – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, *South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov*, e-mail: [abdrashjuldyzai@mail.ru](mailto:abdrashjuldyzai@mail.ru), Kazakhstan, Shymkent.

*Yesnazar A.Zh.* – PhD, *South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov*, e-mail: [asel.esnazar@mail.ru](mailto:asel.esnazar@mail.ru), Kazakhstan, Shymkent.

**Сведения об авторах**

*Абдраш Ж.А.* – автор-корреспондент, PhD докторант, *Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова*, e-mail: [abdrashjuldyzai@mail.ru](mailto:abdrashjuldyzai@mail.ru), Казахстан, г. Шымкент.

*Есназар А.Ж.* – PhD, *Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова*, e-mail: [asel.esnazar@mail.ru](mailto:asel.esnazar@mail.ru), Казахстан, г. Шымкент.